



## МАНГЕЛДИН ЖӘНЕ БАСҚАЛАР...

Зұлмат жылдар жаңғырығы

**Бейбіт ҚОЙШЫБАЕВ, жазушы, тарих ғылымдарының кандидаты, Репрессия құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия мүшесі**

*Академик Мәмбет Қойгелдиев тарих ғылымына «эмиссарлар институты» деген үғым енгізді. Орталықтағы бұл институттан Қазақстанды басқаруға келген Филипп Исаевич Голошекиннің есімі баршамызға мәлім. Эр саланы басқару арқылы қазақ елін «пролетарлық рухқа» мойынсұнтуға жіберілген басқалары, қатары мол болғанмен, айтыла бермейді. Солардың құдіретті тобы мемлекеттік саяси басқарманың біздің республикамыздағы тармақтарын дүрілдетіп тұрды. Өз беттерінше емес, бас әмиссар Голошекинмен бірге, соның нұсқау-тапсырмаларына сәйкес екпінді еңбек етті...*

1931 жылғы 2 қаңтарда Ташкенттің Совет көшесіндегі 25-ші үйде тұратын Мангелдина Ханифа Алматыға – «ҚазАССР ХКК Төрағасы Исаев жолдасқа», көшірмесін «ОГПУ-дің Қазақстандағы Толық өкілетті өкіліне» – өтініш хат жолдады. Хатында Ханифа Алдабекқызы «1930 жылғы 25 қыркүйекте Шымкент ГПУ-і тұтқынға» алғаннан соң жарты айдан кейін Алматыға әкетілген әкесі Мангелдин Алдабектің осы уақытқа дейін саяси басқарма абақтысында қамауда отырғанын хабарлай келе, оның өмірдерегінен маңызды фактілерді келтіре отырып, қазақ үкіметінің басшысы мен республикадағы бас чекистен «тергеуді тезірек аяқтауға жарлық етсе, мүмкін болса, дімкәс қартты тұтқыннан босатса» деген тілек айтады.

Предсовнарком Исаев өтініш иесі Ханифа Мангелдинаның хатына соққан бұрыштамасында Мемлекеттік саяси басқарманың Қазақстандағы Толық өкілетті өкілінен хаттағы өтінішке сәйкес «анықтама беруді, егер Үштіктің шешімі шығарылған болса – қандай екенін айтуды» сұрапты. Республика СНК (ХКК) хатшылығының нұсқаушысы Глухов бұрыштама түсірілген хатты жөнелтпе жазбамен 1931 жылғы 25 қаңтарда «ОГПУ ПП (Толық өкілетті өкілі) Даниловский жолдасқа» жолдайды. Жөнелтпеге 1931 жылғы 23 ақпанда, айға жуық уақыт ішінде (тиісті жауапты қызметкерлер әлдеқандай қорытындыға келіскең болуға керек), қолы ажыратылған бір бастықтың: «Попов жолдасқа. Исаев жолдастың жеке өзіне хабарлаңыз» деген нұсқауы түсіріліпті. Хат IIМ архивінде сақтаулы № 2370 істің 4-ші томында 419-шы парақ боп тігулі тұр. Тек бұл нұсқаудың қалай орындалғаны

жайында іске ешқандай ақпарат тіркелмеген сияқты, яғни Мангелдинаның өтінішіне бұрыштама түсіріп сауалдар қойған үкіметбасына чекистер тарапынан қандай жауап қайтарылғаны белгісіз. Тергеу жалғасуда деген болуы ықтимал. Бұл жорамал ғана, ал анығы – ПП ОГПУ Қазақ Халкомкеңес төрағасы жолдаған сауалдан тоғыз айдан астам, предсовнаркомның тікелей жеке өзіне хабарлау жөніндегі нұсқау берілгеннен сегіз айдай уақыт өткен соң ғана, дәлірек айтқанда 1931 жылғы 29 қазанда Мангелдин Алдабектің үстінен қозғалған іс басқалардың да (барлығы 18 адам) істерімен бірге, «сотқа беруге жеткілікті дерек болмағандықтан», тоқтатылатыны жайында қаулы алды.

Сонымен, жазықсыздан жазықсыз бір жыл бір айдан астам уақыт Қазақстандағы Біріккен Мемлекеттік саяси басқарманың Толық өкілетті Өкілдігі (Полномочное представительство ОГПУ) абақтысында отырған Алдабек Мангелдин кім еді? Ол жайында «Алаш қозғалысы» атты құжаттар мен материалдар жинағының 2004 және 2005 жылдары жарық көрген алғашқы екі томында біраз мағлұмат бар. Соларда берілген деректерге қарағанда, Мангелдин Алдабек уақытында қазақ ұлт-азаттық қозғалысына қатысқан зиялыштардың бірі. 1917 жылғы Ақпан революциясынан кейін айрықша жandanған қоғамдық-саяси жұмыстарға белсенді түрде араласқан. Қызметімен жұртшылыққа танымал һәм ел ішінде елеулі беделге ие болғанының белгісі сол, Алдабек Мангелдіұлы 21–26 шілдеде Орынборда өткен 1-ші Жалпықазақ съезінде Бүкілресейлік Құрылтайшы жиналыс депутаттығына Самарқан облысынан сайланады деп лайықталған. 1-ші съездің артынша, 2–5 тамызда Ташкентте болған Сырдария, Ферғана, Жетісу және Самарқан облыстарындағы қазақтардың өкілдері қатысқан Түркістан өлкелік қазақ съезінде съезд төралқасы төрағасының орынбасары болып сайланған. Съезде болашақ Бүкілресейлік Құрылтайшы жиналысқа Сырдария облысынан кандидат болып жабық дауыспен бекітілген. Осы облыс өкілдерінің (барлығы 15 адам) «Бірлік туы» газетінде (1917 ж., № 6) жарияланған тізімінде 11-ші рет санымен аты-жөні жазулы түр, ал Құрылтайшы жиналысқа кандидат ретінде белгіленген тұлғалардың есімдеріне берілген түсініктемеде «қызметі – нотариус» деп көрсетілген. Сондай-ақ атаптыш газеттің 1918 жылғы № 21 санында оның 1917 жылғы «15 декабрьде Ташкентте болатын крестьян съезіне» Сұлтанбек Қожановпен бірге делегат бол сайланған айтылған.

Республика үкіметінің басшысы Ораз Исаевқа жолдаған хатында Ханифа Алдабекқызы әкесі Алдабек Мангелдіұлы Октябрь революциясының алғашқы күндерінен бастап Совет аппаратында қызмет істей бастағанын айттыпты. 1918 жылды Ташкент совдепі (жұмысшы, шаруа, солдат депутаттарының кеңесі) оны халық судьясы етіп сайлаған екен. Осы қызметінде жылдан аса жұмыс істеп, Түркістан Азық-түлік

халкоматына (Түркнаркомпродқа) қызметке ауысқан. Сонда біраз еңбек еткен соң Шымкенттен 15 шақырым қашықта орналасқан ауылына қайтқан көрінеді.

Өтініш хатында Мангелдина: «Ауылға оралысымен менің әкем кедейлер арасында қоғамдық жұмыс жүргізе бастаған. Оның қазақ тұрғындары ішіндегі қоғамдық жұмысы қызметкерлердің кең тобына (Ерназаров, Сарымолдаев, Жанайдар Сәдуақасов жолдастарға және басқаларға) белгілі», – деп жазады. Ел ішінде Алдабек Мангелдиннің «бастамасымен және тікелей қадағалауымен бірнеше ауылдың қол күші жұмылдырылып, төрт кластық мектепке лайықталған европалық типтегі ғимарат салынды. Осы еңбегі үшін ауылдың кедей жұрты өкімет орындарының рұқсатымен мектепке: «Алдабек Мангелдин атындағы мектеп» деп оның есімін берді» деген хабар айтады. Содан соң: «Біздің ауылда жұрт жүздеген жылдар бойы суармалы суға қол жеткізе алмай келген болатын», – дейді. Өйткені патшалық кезінде Су округі арық қазуға «ауыл қаладан біршама биікті жатқандықтан» қарсы боп келген көрінеді. «Міне осы жағдайда менің әкем Шымкент өкімет орындарының рұқсатымен осы мәселені өмірге енгізуі қолға алды», – деп хабарлайды хатында Ханифа Мангелдина одан әрі.

Алдабек Мангелдіұлының ұйымдастыруымен және тікелей бақылауымен ауыл адамдары өз күшімен он шақырымдық арық қазып алыпты. «Ауыл халқы Су округінің санкциясымен осы арыққа «Алдабек-арық» деген ат берді», – деп жазады Ханифа Алдабекқызы республикадағы үкіметбасы мен бас чекиске жолдаған хатында. Ханифаның әкесі мұнысымен шектелмей, арықты одан әрі созып, Сайрам елді мекенінің тұрғындарына да жеткізген көрінеді. Хаттағы осыған байланысты жазылған хабарға қарағанда, Мангелдиннің қоғамдық еңбегін ерекше бағалаған өзбек жүртшылығы да ауылдың қожалықтарына су жеткізуі мүмкін еткен ирригациялық құрылышты «Алдабек-арық» деп атап кеткен екен.

«Менің әкем ауылда тұрып агрономия мәселелерімен де шұғылданды. Халық арасында мақта өндірісімен шұғылдануға, ағаш егуге, бау-бақша егіп, баптап өсіруге үгіт жүргізді. Өкімет өкілдерімен бірге көптеген советтік науқандарға қатысты, тұрғындарға науқандардың мәнін ашып түсіндіруден шаршаған жоқ», – делінген хатта содан кейін. Шынында да Алдабек Мангелдин аймақ халқына түрлі көмек көрсетуден ешқашан бас тартпаған көрінеді. Ол өзінің негізгі мамандығына сәйкес халыққа ұдайы заңгерлік тұрғыда да жәрдем беріп тұрған сияқты. Бұлай дейтініміз – Мемлекеттік саяси басқарма өкілдігі 30-шы жылдары «қазақ ұлтшылдары» үстінен жүргізген №2370 істе сақталған тергеу материалына қарағанда, Мангелдин ауылшаруашылық серікtestіктерінің заңнамалық тұрғыда дұрыс ұйымдастыруна атсалысып отырған. 1931 жылғы 7 қыркүйектегі қосымша тергеу кезінде ол «1928 жылғы жазда бұрынғы Сырдария округіндегі Меркі ауылынан

Жылысбаев қол қойған жеделхат» алғанын хабарлайды (№06610-іс, 1-т., 667-п.). Ол жеделхатта өзінің «Меркіден Астраханға бара жатқанын» айтып, мінген «пойызы Шымкент стансасы арқылы өтер сәтте» алдынан шығып, бір «мәселе бойынша сөйлесу үшін пойызға кеп тұруын» Мангелдиннен өтінген көрінеді.

Мақсұт Жылысбаев – белгілі совет қызметкері. Кезінде, бірінші орыс революциясынан кейін, Тұrap Рысқұлов, Қабылбек Сарымолдаев үшеуі Меркі орыс-тузем мектебінде, оны бітіргеннен соң Пішпектегі бағбандық техникумда да бірге оқыған, Ақпан революциясынан кейін үшеуі де Меркіде «Бұқара» атты жастардың революциялық одағын құрудың бел ортасында жүрген болатын. Совет өкіметі орнағаннан кейін Мақсұт жастық шақтағы жолдастарымен бірге Түркістан Республикасында белсенді еңбек еткен-тін. Байырғы қайраткер Алдабекті өзінің 1921-1922 жылдары Сырдария облыстық жер бөлімін басқарып жүрген шағынан, бәлкім одан да ертерек кезден жақсы танитын шығар деген ой келеді. Түркеспубликадағы қызметімен жиған беделіне сәйкес, Жылысбаев Орталық партия комитетінің тапсырмасымен екі жылдай Астрахан облысында істеп, жер-су реформасын жүргізуге атсалысқан қайраткер. Шамасы, сондай ретпен іссапарға кетіп бара жатқанында Алдабекті кездесуге шақырған болса керек.

«Жылысбаев айтқан күні мен ұлымды ертіп вокзалға, пойызға бардым», – деп көрсетті Алдабек Мангелдин. Кездескен соң Мақсұт Жылысбаев оған өз ауылының отыз азаматына заңгерлік түрғыда нақты «малшаруашылық жарғысын бекітіп» алуларына көмек беруін өтінген екен. «Жылысбаевтың сөзіне қарағанда, – дейді Мангелдин, – оның туысқандарының осы отыз шаруашылығы бір артельге бірігуге, сөйтіп шаруашылықты ұжымдық негізде жүргізуге шешім қабылдапты». Ол, Жылысбаевтың ұсынысына сәйкес, осы мал өсіру артелінің жарғысын жасап, бірігіп жатқан шаруашылықтардың қарауына ұсынуға тиіс болатын. Содан соң олардан өкілетті уәкіл болуға сенімхат алғып, жарғыны тиісті органдарда тіркету және бекіту жұмыстарын жүргізуге міндеттенбек-тін. Мақсұтпен осылай келісілсе де, Алдабектің тергеушіге берген жауабына қарағанда, іс аяқсыз қалған бол шықты. Жиналыс болатын күн сотта қорғаушылық жұмыс атқаратын уақытына сай келіп қалғандықтан, Алдабек Меркіге өзі бара алмай қалған екен. Сол кезде үйіне Ташкенттен қонаққа келіп жатқан ұлы Ескендір (Искандер) оның орнына Меркіге барып, әкесі беріп жіберген мал шаруашылығында үйымдастырылатын артельдер жарғысының типтік жобасымен таныстырған көрінеді. Оны мақұлдаған жағдайда, Ауылсовет тәрағасының қатысуымен өткен жиналыс Ескендірдің әкесіне – Алдабек Мангелдинге – тиісті өкілеттілік беретін құжатты салып жіберуге тиіс болатын. «Бірақ ондай құжат маған со беті жеткен жоқ: не рәсімдегілері келмей қалды, не бұл істі басқа адамға тапсырды – дәл білмедім» деп

көрсөтті тұтын. Өз басы со беті Меркіге барған емес. Ал бұл істі қолға алуға келісім бергені: «мал бағушы артельдерге бірігіп жатқан көшпенди халықты ынталандыру жөніндегі заң сол кезде күшінде-тұғын». Мемлекеттік саяси басқарма тергеушілері Мәскеуде 1930 жылы үкім шығарылған «Ахмет Байтұрынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Дінмұхамед Әділов және басқалар (барлығы 44 адам) ісінің» артынша «бұрын «Алаш-Орда» құрамында және ұлтшылдық контреволюциялық үйымда және онымен байланыста болған ұлтшылдарды» тергеуге алған-тын. Бұл әсіре белсенділік, сөз жоқ, Ресей Коммунистік партиясы Қазақ өлкелік комитетінің басшысы, 1925 жылы республикадағы билікке келіп, мәскеулік орталықпен келісілген саясат жүргізе бастаған Филипп Голощекиннің саяси тапсырысынан туған. Ресми №2370 іс, Қазақстанның он жылдығына арналған үлкен жиында Ф. Голощекин жария еткен танымал атаумен айтқанда, – «Мұхамеджан Тынышбаев бастаған ұлтшылдар ісі» деп аталды.

Осы саяси тапсырысты орындау барысында құпия полиция құллі патшалық дәуірде және монархия тарих сахнасынан кеткен кезеңде ұлттық қозғалысқа қатысушиларды түгелге жуық құдіктілер қатарына жатқызған-тын. Сондықтан да олардың совет кезеңіндегі істерінен «қылмыс» іздеген. «Қылмыс» – құдікке іліктірілгендердің «ұлтшылдық» әрекеттері. Қазақ еліне күшпен таңылған жүйе қызметшілерінің, іс жүзінде ұлтсыздық туын желбіретушілердің көзімен қарағанда, «ұлтшылдық» дегеніміз – қазақ қайраткерлерінің жергілікті ұлт мұддесіне қызмет етуге тырысушилығы. Репрессияның алғашқы толқынында ұсталған Алаш қайраткерлерінің бірі: советтік билік орындарында істейтіндерді екіге бөліп қарайтынын мойындаған-тын. Бірін – езіліп келген, әлі де оңды жетістікке қолы жете алмай жүрген жұрт пайдасына бірдене істей алатындар және екіншісін – халыққа түк пайдасы жоқ жәй ғана чиновниктер деп бөлетінін айтқан. Ал құпия полиция үшін осы екінші топ – «жәй ғана чиновниктер» – өкіметке пайдалы, ал алғашқылары – «қазақ пайдасына бірдене істей алатындар» – ұлтшылдар деп есептелді. Сондықтан да көзі ашық, көкірегі ояу азаматтарды тергеуге алды.

«Менің әкемнің «Алаш-Орда» және «Қоқан Үкіметі» іспетті ұлтшылдық үйымдарда ешқашан және ешқандай да қатысы болған жоқ, мұны буржуазиялық ұлтшыл мырзалардың өздері-ақ растап бере алады», – деп жазыпты Мангельдина. Алайда құпия полиция тергеушілері Ханифаның әкесінің аталған «ұлтшылдық үйымдарда» болған-болмағанын тексеріп бас қатырған жоқ, оларға Алдабек Мангельдиннің совет өкіметіне дейінгі кезеңде өлкедегі белгілі адамдар қатарында болғаны толығымен жеткілікті еді.

1917 жылғы 2–5 тамызда Та什кент қаласында Түркістан өлкелік қазақ съезі болып өткен-тін. «Түркістан аймағы қазақтарының жалпы жиналышы» деп аталып, күн тәртібіне маңызды 18 мәселе қойған осы

съезге Сырдария, Ферғана, Жетісу және Самарқан облыстарында тұратын көптеген қазақтар, олардың ішінен 84 өкіл делегат құқымен қатысқан. Осы съезде доғарыстағы генерал Сейітжафар Асфендияров жиналыстың құрметті төрағасы, Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің мүшесі Мұхамеджан Тынышбаев – жиналыс төрағасы, Алдабек Мангелдин мен Ибрагим Қасымов оның орынбасарлары, Қоңырқожа Қожықов, Серікбай Ақаев, Әзімхан Кенесарин, Садық Өтегенов – съезд төралқасының мүшелері, Зұлқарнайын Сейдалин, Шәймерден Қапсәләмов пен Сұлтанбек Қожанов – хатшылары болған. Өлке жұртшылығы алдында беделі зор, мәртебесі биік осы азаматтармен және солардың өзге де серіктерімен өлкеком басшысының бағытына сәйкес түрлі тергеу-тексеру амалдары жүргізілгеніне күмән жоқ.

Нәтижесінде 1930 жылғы 12 қазанды ОГПУ-дің Шымкент тобындағы Айрықша бөлім бастығының көмекшісі Михайлов «Мангелдин Алдабекті, Қадырбаев Қалмұхамедті, Кенесарин Әзімханды және Өтегенов Садықты айыптау жөніндегі № 567 тергеу ісін қарап», қолда бар материалды айыпталушылармен бірге ОГПУ-дің Қазақстан бойынша Толық өкілетті өкілдігінің қарамағына жіберуге қаулы етті. Қаулыны ОГПУ-дің Шымкент оперативтік тобы бастығының міндеттерін уақытша атқарушы Бурдаков бекітті. Сол күні Біріккен мемлекеттік саяси басқарманың (ОГПУ-дің) Сырдария округтік бөлімі жасақтаған арнайы конвой «Айрықша Бөлім желісі бойынша рәсімделген тұтқындарды» Алматыға алып кетті.

Осы төртеу қатарындағы Қадырбаев Қалмұхамед аталған өлкелік жиналыстың басшы органдарына сайланбағанмен, белсенді қатысушысы болғаны күмәнсіз. Үлken тарихшы-ғалым, академик Кеңес Нұрпейісовтың зерттеулеріне қарағанда, ол кезінде Міржақып Дулатовтың әйгілі «Оян, қазақ» кітабын Жетісу аумағында таратуға атсалысып, ұлтшыл ретінде патшалық полицияның бақылауына алынған көрінеді. Енді советтік құпия полиция да сол жолмен жүрген-ді, патшалықтың қысымына наразылығынан «ұлтшыл» атанғандарды, голошекиндік «сана-сезімді қырнап бір қалыпқа түсіру» ұранына қарсыларды да ұлтшыл деп білген.

Саяси тапсырысты орындау барысында Мемлекеттік саяси басқарма тергеушілері құдды «ұлтшылдарды қолдан жасап-сомдау фабрикасы» тәрізді болды. Қырына алғандарының «ұлтшылдығына» дәлел іздеу барысында белгілі «қылмыскерлермен» байланысын да шүқшия сұрастыруды. Мәселен, Шымкенттен әкелінген тұтқын Мангелдин де сондай мақсатпен тергелді. Сақталған тергеу хаттамаларының біріне (1931 ж., 7 қыркүйек) қарағанда, ол: «Дулатовты 1923 жылы Ташкентте көрдім, – деп жауап берді, – бірақ онымен таныс емеспін. 1928 жылы мен оны көрген емеспін, оның қайда болғанын да білмеймін», – деп нақтылады. Тағы бір тіміскіленген сұраққа орай: «Ақбаев Жақыпты

өмірімде екі-ақ рет көрдім», – деді. Тергеушіні қанағаттандыру үшін қашан көргенін де еске түсірді. Бірінші рет «1910 әлде 1911 жыл Ходжентте» кездесіпті. Жақып онда өзінің туысын көруге барған екен, сол шақта ол Алдабектікінде де болыпты. Екінші мэрте 1929 жылы Шымкентте көрген екен. Қыста келіпті. Үйінде екі құн қонса керек. «Әдеттегі жәйттерді ғана сөз еттік, әңгімемізде саясат тақырыптары қозғалған жоқ», – деді ол. Тергеушінің тәтпіштеген сұрақтарына байланысты айтқан болар, «егер біреу-міреу менімен Ақбаев екеуіміздің арамызда саяси мәселелер жайында сөз болды, соның ішінде Англия жайында сөйлескен деген болса, мен мұндайды үзілді-кесілді кері қағамын, өйткені бұл өтірік. Ешқашан, ешбір қазақ қызметкерінің, әсіресе Ақбаевтың алдында иілген емеспін, олардың ешқайсысын өзіме үлгі еткен емеспін. Осы айтқандарымнан басқа қосарым жоқ», – деген сөздері хаттамаға түсіпті (667-п.).

«1930 жылы Ташкентте мен анамнан айрылдым, – дейді Ханифа, – оны автомобиль қағып кетіп, қайтыс болды. Енді менің жасы алпыстан асып кеткен жалғыз ғана қарт әкем менен оқшауландырылып тұр». Республиканың биік лауазымды қызметкерлеріне жазған хатында осылай дей келе, үш айдан астам уақыт бойы түрмеде жазықсыз қамалып жатқан әкесінің тергеуін аяқтауға пәрмен берулерін, сөйтіп тұтқыннан тезірек босатуларын сұраған-тын. Хат 1931 жылы 2 қаңтарда жазылған еді, сегіз айдан соң, сол жылғы 29 қазанды Мангелдиннің және басқалардың (барлығы 18 адамның) «қылмысы» құпия полиция тарапынан дәлелденбегендігі рәсімделді... Бұған мынаны қосқан жөн.. Осылармен бірге тергеліп, қылмыстары толық дәлелденді деп саналған «Тынышбаев бастаған ұлтшылар» тобының 2370-ші ісі Мәскеуге ОГПУ Алқасының қарауына жіберілген-тін. Алайда іс «дәлел жеткіліксіз, тұтқындар қосымша тергелсін немесе тұтқыннан босатылсын» деген үйіфарыммен кері қайтарылды. Сонда Орталық әмиссары, Қазақстанның іс жүзіндегі диктаторы (Ы. Мұстамбаев), партия үйымының басшысы Филипп Голощекин істі қайта қарауға да, ұсталғандарды босатуға да қарсы болды. Мұндай әрекетке бару «Қазөлекекомның беделін түсіреді» деген желеумен құлыш амал қолданып, республикадағы ОГПУ Өкілдігі Үштігінің қаулысымен олардың 15-ін 1932 жылы Воронежге жер аудартты...

Большевиктер билігі тілі, ділі, тұрмысы, әлеуметтік-экономикалық жағдайы бейтаныс Қазақстанды шексіз билеуде қолданған «әмиссарлар институты» кадрларының жоғарыда айтылғандай іс-әрекеттерін бүгінгі таңдағы маңызды мәселе – саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау орайында терең зерттеп қараған дұрыс. Бұл ретте мемлекеттік комиссияның совет өкіметі жол берген тарихи әділетсіздіктер хақында ойлантарлық қорытындыларға келері күмәнсіз.